

## **Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Норвегия Корольдігінің Үкіметі арасында Өзара түсіністік туралы меморандум жасасу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 6 мамырдағы N 429 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Норвегия Корольдігінің Үкіметі арасындағы Өзара түсіністік туралы меморандумның жобасы (бұдан әрі - Меморандум) мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер бірінші вице-министрі Қайрат Қуатұлы Әбусейітовке Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан Меморандумды жасасуға өкілеттік берілсін.

3. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Қайрат Қуатұлы Әбусейітовке Меморандумды жасасуға өкілеттік сертификатын ресімдесін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

### **Жоба**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің  
2003 жылғы 6 мамырдағы  
N 429 қаулысы мен  
мақұлданған

## **Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Норвегия Корольдігінің Үкіметі арасындағы Өзара түсіністік туралы меморандум**

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Норвегия Корольдігінің Үкіметі, халықаралық терроризмге, діни және саяси экстремизмге қарсы күрес жөніндегі "Мызғымас бостандық" операциясы шеңберінде екі жақты деңгейде тығыз өзара әрекет етуге дайын екендігін білдіре отырып,

Біріккен Ұлттар Ұйымы Қауіпсіздік Кеңесінің N 1386 (2001), N 1383 (2001), N 1378 (2001) қарарларын орындау үшін,

1995 жылғы 19 маусымда Брюссельде қол қойылған Солтүстік Атлантика Шартына қатысушы мемлекеттер арасындағы және "Бейбітшілік жолындағы әріптестік" бағдарламасына қатысатын басқа да мемлекеттер арасындағы олардың әскерлерінің мәртебесіне қатысты келісімді (PfP SOFA), Қазақстан Республикасы азаматтарының өмірі мен денсаулығына нұқсан келтіретін, сондай-ақ материалдық зиян шектіретін

жағдайларды қоспағанда, осы Меморандум шеңберінде әрекет ететін Норвегия Корольдігінің персоналына қолдануды мойындай отырып, мынадай мәселелер бойынша өзара түсіністік қол жеткізді:

I. "Мызғымас бостандық" операциясын қолдауға "Манас" әуежайынан (Қырғызстан) әрекет жасайтын Норвегия Корольдігінің әскери ұшақтары үшін қосалқы әуеайлақты беру туралы Норвегия Корольдігі Үкіметінің Қазақстан Республикасының Үкіметіне өтінішін ескере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі қосалқы әуеайлақ ретінде Шымкент қаласының әуежайын (бұдан әрі - әуежай) мынадай шарттар бойынша беруге келіседі:

1. Норвегия Корольдігінің ұшақтары ұшудың қауіпсіздігіне қауіп төндіретін және "Манас" әуежайына қону үшін ең аз талап етілетін деңгейден төмен ауа райы жағдайы бойынша ұшақтың дереу қонуын талап ететін борттағы авариялық ахуал жағдайында немесе оның ұшу-қону белдеулері төтенше жабылған жағдайда ғана әуежайда жоспарланбаған қону жасай алады.

Норвегия Корольдігінің Үкіметі әуежайды пайдалану кезінде әуеайлақты пайдалану жөніндегі техникалық талаптардың сақталуына жауап береді.

Қазақстан Республикасының Үкіметі жоспарланбаған қонуды жасау үшін әуежайдың қосалқы әуеайлақ ретінде пайдаланылуынан мынадай жағдайда бастауға құқылы:

- әуежайға қону үшін ең аз талап етілетін деңгейден төмен ауа райы жағдайы бойынша;

- әуежайдың ұшу-қону белдеулері төтенше жабылған жағдайда;  
- әуежайдан/әуежайға аса маңызды ұшуға немесе қонуға байланысты (авариялық жағдайдағы ұшақтың қонуға сұранған жағдайын қоспағанда).

Әуежайға жоспарланбаған қонуды жүзеге асырушы Норвегия Корольдігінің барлық ұшақтары жоспарланбаған қонудың себептерін жойғаннан кейін әуежайдан ұшып кетеді.

2. Норвегия Корольдігінің ұшақтары әуежайда орнығып қалмайды.

3. Осы Меморандум Норвегия Корольдігінің әскери қызметшілерінің әуежайда немесе оның жанында тұрақты негізде болуын көздемейді.

Әуежайда жоспарланбаған қонуды жүзеге асырушы Норвегия Корольдігінің ұшақтарына осы Меморандумның 1-тармағында көрсетілген себептер бойынша болу уақытын ұзарту талап етілсе, экипаждар тек қана Шымкент қаласы әуежайының қонақ үйіне орналастырылады. Бұл ретте, әуежайда экипаж мүшелерінің жеке қару-жарағын әуежайдың қауіпсіздік қызметінің қызметкерлері алып қояды және экипаждардың мүшелері әуежайдағы ұшаққа қайтып келгенде оларға қайтарады.

Қазақстан Республикасының Үкіметі Норвегия Корольдігінің әуе кемесі әуежай аумағында болған кезеңінде оны күзетуді қамтамасыз етеді, сондай-ақ жоспарланбаған қонуды жасаған кез келген ұшақ (ұшақтар) тұрақ алаңына толық тоқтағаннан кейін

бірден оның айналасына қауіпсіздік аймақ орнатуға ұмтылатын болады.

Норвегия Корольдігінің Үкіметі ұшақтың бортында болатын авиациялық және басқа да қару-жарактың санкцияланбаған атылып кетпеуі үшін жауап береді.

4. Норвегия Корольдігінің Үкіметі әуежайдың барлық сұратылған және алынған қызметтер көрсетуіне, сондай-ақ қондыру мен тұраққа қоюға коммерциялық әуе кемелері осындай қызметтер көрсету үшін төлейтін жарияланған ставкалардан қолайлылығы кем емес, қабылдауға болатын ставкалар бойынша ақы төлейді.

Әуежайдың барлық сұратылған және алынған, соның ішінде қону және тұраққа қою қызметтерін көрсетуге ақы төлеуді Норвегия Корольдігінің Үкіметі сұратылған қызметтер көрсету ұсынылған күннен бастап бір айдың ішінде жүргізеді.

Қазақстан Республикасының Үкіметі "Мызғымас бостандық" операциясына қатысатын Норвегия Корольдігінің ұшақтарына осы ұшақтар Қазақстанның әуе кеңістігінде болған кезде ақы төлеуді талап ете отырып, аэронавигациялық қызметтер көрсетеді.

II. Осы Меморандумның 1-тармағында көрсетілген мақсатта Қазақстан Республикасының Үкіметі әуежайдан ұшып өту мен оған қонуға дипломатиялық рұқсаттың мынадай біртұтас нөмірін белгілейді: N МИД 087/001 КЗН02.

Осы Меморандумның ережелерін орындау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі мынадай әуе жолын белгілейді: АВЕКА А 177 DODUR А 118/А121 SHYMKENT В 114 TOLE ВІ А355 RODAM. Авариялық қону кезінде магниттік бағыт 101 ° болады.

III. Қазақстанның әуе кеңістігін пайдаланатын әуе кемелерінің ұшулары (жекелеген ұшулар) азаматтық әуе кемелері ұшуларының халықаралық ережелеріне сәйкес орындалуы тиіс. Бұл ретте жауынгерлік авиацияның ұшақтары топпен емес кезекпен ұшуы, 0.80 М-нан аспайтын ұшу жылдамдығын ұстануы және Қазақстанның әуе қозғалысына қызмет көрсету органдарымен азаматтық авиацияның әуе кемелерін пайдалану үшін белгіленген жиілікте байланыста болулары тиіс.

Норвегия Корольдігінің Үкіметі Қазақстан Республикасының Үкіметіне әуежайдың қосымша әуеайлақ ретінде ықтимал пайдалану туралы AFTN: UAAKZDZX, UAAAZDZX мекен-жайына ұшардан кемінде бір сағат бұрын Әуе қозғалысын жоспарлаудың бас орталығына ұшу жоспарын жіберу арқылы хабарлайды.

IV. Ұшу қауіпсіздігіне қауіп төндіретін және ұшақтың дереу қонуын талап ететін борттағы авариялық ахуал жағдайында Қазақстан Республикасының Үкіметі Норвегия Корольдігінің тергеушілеріне Қазақстан Республикасының аумағында ұшақтың болуына байланысты авиациялық немесе өзге оқиғаларды тексеру жөніндегі комиссиялық жұмысына қатысуға, сондай-ақ Норвегия Корольдігі Үкіметінің персоналын жөндеу және қалпына келтіру жұмыстарын жүзеге асыру үшін ұшаққа жіберуге мүмкіндік береді. Норвегия Корольдігінің тергеушілері мен персоналы тергеу

мен жөндеу жұмыстары аяқталғаннан кейін дереу Қазақстаннан кетеді.

Норвегия Корольдігінің Үкіметі Қазақстан Республикасының Үкіметіне коммерциялық әуе кемелері осындай қызметтер көрсету үшін төлейтін жарияланған ставкалардан қолайлылығы кем емес, қабылдауға болатын ставкалар бойынша соңғысы ұсынған барлық сұратылған қызметтер көрсету үшін шығындарды өтейді.

Норвегия Корольдігінің Үкіметі Қазақстан Республикасының Үкіметіне әуежайды пайдалану кезінде келтірілуі мүмкін материалдық зиянды өтейді.

Әуежай ұсынған барлық қызметтер көрсетуге ақы төлеуді Норвегия Корольдігінің Үкіметі сұратылған қызметтер көрсету ұсынылған күннен бастап бір айдың ішінде жүргізеді.

V. Жазатайым оқиға кезінде Тараптар әріптестік тұрғысында консультациялар ө т к і з е д і .

Осы Меморандумның кіріспесінде көзделген жағдайларды қоспағанда, Норвегия Корольдігінің кез келген персоналы әрекетін немесе әрекетсіздігінің нәтижесінде түскен үшінші тараптың талаптары PfP SOFA келісіміне сәйкес қаралады.

VI. Норвегия Корольдігінің ұшақтары экологиялықты қоса алғанда, ұшу қауіпсіздігінің халықаралық стандарттарына сәйкес ұшатын болады.

VII. Тараптар осы Меморандумға тиісті хаттамалармен ресімделетін және осы Меморандумның ажырамас бөлігі болып табылатын өзгерістер мен толықтырулар енгізе алады.

VIII. Осы Меморандум қол қойылған күнінен бастап уақытша қолданылады және Тараптар оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлаған күнінен бастап күшіне енеді.

Тараптардың біреуі басқа Тарапты жазбаша хабардар ету жолымен осы Меморандумның қолданылуын тоқтатуы мүмкін. Осы Меморандум Тараптардың біреуі басқа Тараптың тиісті хабарламасын алған күнінен бастап бір айдан кейін қолданылуын тоқтатады.

2003 жылғы " \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ Астана қаласында, әрқайсысы қазақ, ағылшын және орыс тілдерінде екі түпнұсқалық данада жасалды, бұл ретте барлық мәтіндердің күші бірдей. Осы Меморандумның ережелерін түсіндіру кезінде келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар ағылшын тіліндегі мәтінге жүгінеді.

*Қазақстан Республикасының  
Үкіметі үшін*

*Норвегия Корольдігінің*

*Үкіметі үшін*